

БЕКІТЕМІН:
Түркістан облысының қалалық әкімдігінің білім дамыту басқармасының
Кентау аудандық білім бөлімінің
«Әлия» (Сәбеке) балалар бағамшасының меңгерушісі м.а.
 С.Н.Байболова



**ЕРЕСЕК «АЛТЫН КІЛТ» ТОБЫНЫҢ
ЖАЗҒЫ-САУЫҚТЫРУ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**ТӘРБИЕШІЛЕР: МЫРЗАБАЕВА А
БАЙТЕМИРОВА Ж**



2023 ЖЫЛ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|--|---|-----------------|-----------------|---|--|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 29.05 - 02.06.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | "Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді | "Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
| | | | | <p>қайта орнына тиянақты жинау.</p> <p>Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.</p> <p>(еңбек дағдылары)</p> | <p>ниетке тәрбиелеу.</p> <p>(еңбек дағдылары)</p> |
| | | | | <p>"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады.</p> <p>Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.</p> <p>(құрастыру)</p> <p>"Балабақша" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.</p> <p>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)</p> <p>Біздің ортақ үйіміз.</p> <p>Бізбен бірге, бізбен бірге</p> | <p>"Дойбы" үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын мақсаты.</p> <p>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп!</p> |

| | | | | | |
|----------------------------------|--|--|--|---|---|
| | | | | <p>(Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз.</p> <p>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау) Бізбен бірге қоймайды, Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) Кейіпкерді сомдайды.</p> <p>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру) Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселеу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>(Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ақымақ қасқыр"ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | | | | | <p>Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз,</p> |

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| | <p>Жылдам өсе береміз. (дене шынықтыру)</p> | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас.</p> <p>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | | | | <p>"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- | | | | <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту,</p> <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Қос кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды</p> |

| | | | | | |
|----------------------|--|--|--|--|---|
| <p>әрекет</p> | | | | <p>өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жазғы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Қала аспанындағы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен</p> | <p>сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> |
|----------------------|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|---|--|
| | | | | сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | | | | <p>Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Зерттеу. Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген).</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді)</p> | <p>Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?</p> <p>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>топка ауыстыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық</p> | <p>қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.</p> <p>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.</p> <p>(еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> <p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап</p> |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|-----------------|---|--|--|---|---|
| | | | | <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар: баяу қарқында ұзақ жүгіру. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту.</p> | <p>қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек.</p> <p>"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> |
| Серуеннен оралу | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|---|---|
| <p>Түскі ас</p> | <p align="center">Гигиеналық дағдылар</p> <p align="center">Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету.</p> <p align="center"><i>Көркемсөз</i></p> <p align="center">Дос бол сабын, сумен сен, Жии-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда.</p> <p align="center">(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p align="center">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.</p> | | | | |
| <p>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</p> | <p align="center">Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| <p>Бесін ас</p> | <p align="center">Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | | | | <p align="center">"Не жасырылған" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп,</p> | <p align="center">"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | | | | <p>жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.</p> <p>Мысалы.</p> <p>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Балабақша".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.</p> | <p>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. Театрландырылған қойылым.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Алма" ертегісі</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).</p> <p>Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.</p> <p>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.</p> <p>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.</p> <p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Өртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|-------------------------------------|--|--|--|--|---|
| | | | | <p>Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | | | | <p>"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен</p> | <p>"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>сөздік қорларын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады.</p> <p>Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> |
| Серуенге дайындық | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | | | | <p>Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға</p> | <p>Желді бақылау. Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | | | | <p>деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпіркосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.</p> <p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнлерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>"Кемпіркосақ".</p> <p>Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпіркосақ салыпты.</p> <p>Ш. Әлдибекұлы.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту.</p> <p>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагог балаларға түрлі</p> | <p>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.</p> <p>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.</p> <p>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).</p> <p>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.</p> <p>Балалардың мысалы жауаптары:</p> <p>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.</p> <p>"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап,</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | | | | <p>табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.</p> <p>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.</p> <p>"Тым-тырақай" ойыны.</p> <p>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.</p> <p>Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар!</p> | <p>ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.</p> <p>Педагог:</p> <p>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?</p> <p>Балалар:</p> <p>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!</p> <p>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.</p> <p>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.</p> <p>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.</p> <p>Ойыншылардың қабілеттерін</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | | | | <p>Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."</p> <p>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.</p> | <p>бағаланады.</p> <p>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.</p> <p>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.</p> |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | | | | <p>Ата-аналарға арналған кеңес.</p> <p>"Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі."</p> | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|--|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 05.06. - 09.06.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс- | "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, | "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды | "Ойыннан кейін топты ретке келтіру". Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, | "Ойыншықтарды реттеу". Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. (еңбек дағдылары)</p> | <p>жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. (еңбек дағдылары)</p> | <p>бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.</p> <p>"Қане, көрсет" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы</p> | <p>Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың</p> | <p>"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы). Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> <p>"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер:</p> | <p>"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.</p> | <p>"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары. (құрастыру)</p> <p>"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)</p> <p>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)</p> <p>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету)</p> <p>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)</p> <p>Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).</p> <p>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту)</p> <p>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды</p> | <p>жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр).</p> <p>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.</p> <p>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.</p> <p>Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді.</p> <p>Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).</p> | <p>балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)</p> <p>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)</p> <p>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сынай таныту)</p> <p>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)</p> <p>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)</p> <p>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау)</p> <p>Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу,</p> | <p>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)</p> <p>Жеңімзді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу)</p> <p>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)</p> <p>Уқалап, жуып береміз.</p> <p>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")</p> <p>Шұңғыл алтын айдай.</p> <p>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)</p> <p>Айналдырып, жуып береміз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)</p> | <p>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.</p> <p>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:</p> <p>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.</p> <p>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--------------------------------------|--|--|--|
| | <p>қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендегу) Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>(математика негіздері)</p> | <p>иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа тую, біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу) Бізылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)</p> | | |
|--|--|--------------------------------------|--|--|--|

| | | | | | |
|---|--|--|---|--|---|
| | | | <p>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | | |
| Таңертеңгі жаттығу | <p>Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, көркем</p> | <p>"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп,</p> | <p>Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)". Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып</p> | <p>Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу. Жақсы ата – орман, Жақсы бала қорған. Отан - қуат, Отбасы - шуақ.</p> | <p>"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | әдебиет, қазақ тілі) | біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. (сөйлеуді дамыту) | сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, | (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жұмбақтар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балалардың сандық және реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигураларды ажырата және атай білуге үйрету; заттарды санымен байланыстыру туралы білімдерін бекіту. Музыкадан ойын-жаттығу "Біздің қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен | Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Жаз да келді пейілді" Мақсат-міндеттер: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Үйдің құрылысы" Мақсат-міндеттер: Өтілген мүсіндеу техникалар бойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру; ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритм әрекеттерінің көрінісі, балаларды ұзын сопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосуды үйрету; қолөнер жасауда қиял мен шығармашылықты дамыту; ұсақ қол маторикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту; бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбен ұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу. | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Таңқаларлық құм" Мақсат-міндеттер: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық. |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|--|---|--|
| | | көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.</p> <p>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.</p> <p>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты</p> | <p>Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.</p> <p>Ережені есте сақтау жаттығуы.</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>"Бағдаршамның шамдары".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.</p> | <p>Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі дiңгегiнiң түсiнен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (дiңгегi, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды</p> | <p>Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап,</p> <p>Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар.</p> <p>Халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп</p> | <p>Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.</p> <p>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.</p> <p>Еңбек әрекеті: терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | <p>желбіретесіндер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіндер.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады,</p> | <p>Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.</p> <p>Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын.</p> <p>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.</p> <p>"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.</p> <p>"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.</p> <p>"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға</p> | <p>ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.</p> <p>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеністікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып</p> | <p>қимылдайды, қауіпті сезетін құс.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қураған ұсақ бұтақтарды жинау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.</p> <p>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша</p> | <p>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.</p> <p>Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p> <p>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Ұзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік</p> |
|--|--|---|---|---|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | <p>демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.</p> <p>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.</p> <p>Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау</p> | <p>дағдыландыру.</p> <p>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.</p> <p>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйірседі.</p> <p>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).</p> <p>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.</p> <p>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.</p> <p>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.</p> <p>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай</p> | <p>жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады.</p> <p>Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.</p> <p>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | <p>әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | <p>ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p>"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> |
|--|---|---|--|---|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Түскі ас | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; | | | | |

| этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
|---|---|--|---|--|---|
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары, "жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары. (сөйлеуді дамыту,</p> | <p>"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын</p> | <p>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Өртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. (сөйлеуді дамыту,</p> | <p>Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана". Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар.</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | <p>жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды</p> | <p>қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып</p> | <p>қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы" Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
|--|--|---|--|--|---|

| | | | | | |
|------------------------------|---|---|---|---|--|
| | қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) | | бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | | |
| Балалармен жеке жұмыс | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Кім спортшы?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) | Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. (танымдық дағдылар) | Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау), Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады), Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам), Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар | Санамақ. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім - ой, Онға дейін санап қой! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшак, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | | | <p>белде).</p> <p>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі), Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады), Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі), Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).</p> <p>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу), Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу), Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде), Жұдырығым – отбасым.</p> <p>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау), Отбасыда бес салмақ, Барлық саусақ – жолдасым,</p> | <p>қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (математика негіздері)</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--------------------------|---|--|---|--|---|
| | | | | Жұдырығым – отбасым. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | |
| Серуенге дайындық | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | <p>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру. Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу. Аланды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып,</p> | <p>Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.</p> | <p>Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жүргенін айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті</p> | <p>Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу. Педагог күнді бақылау алдында, балаларға күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопенканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді. Құралдары: фотопенкалар немесе көк шынылар. Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру. Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз</p> | <p>Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау. Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. "Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | <p>белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.</p> <p>"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.</p> <p>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша</p> | <p>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:</p> <p>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.</p> <p>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: алаңды тастардан тазалау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.</p> <p>"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> | <p>(жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.</p> <p>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).</p> <p>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік.</p> <p>Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.</p> <p>Балалардың мысалы жауаптары:</p> <p>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге</p> | <p>ететінін әңгімелейді.</p> <p>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.</p> <p>"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.</p> <p>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).</p> <p>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).</p> <p>Г. Кужагулова.</p> <p>Еңбек әрекеті: сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.</p> <p>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді,</p> | <p>десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.</p> <p>Күлімдейді алтын күн.</p> <p>Жерде жатыр алтын құм.</p> <p>Құстар ұшты биікке.</p> <p>Сәбіз өсті жүйекте.</p> <p>Кіші болдық желектей,</p> <p>Өсеміз биік теректей.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.</p> <p>Ересек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.</p> <p>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушылар шеңбер</p> |
|--|--|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | <p>санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.</p> <p>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады.</p> <p>Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> <p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.</p> <p>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті</p> | <p>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.</p> <p>Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар!</p> <p>Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.</p> <p>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Ойын қайта басталады.</p> <p>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.</p> <p>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> | <p>ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.</p> <p>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p> <p>Педагог ойынды бастайды:</p> <p>- Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында.</p> <p>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң</p> | <p>қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.</p> <p>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.</p> <p>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> <p>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру;</p> | <p>құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:</p> <p>- Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді.</p> <p>Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.</p> <p>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.</p> <p>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>"Сызықты баспа" қимылды</p> |
|--|---|---|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | <p>тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақ сүйек.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. <p>Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді.</p> <p>"Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.</p> <p>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.</p> <p>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-</p> | <p>ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.</p> <p>"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру.</p> |
|--|--|---|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|---|--------------------------------------|--|
| | | | <p>жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. (Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p> | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 12.06. - 16.06.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Өсімдіктер құнарлығы". Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне | "Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді тұру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. | "Біз орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. (еңбек дағдылары) | "Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды | "Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. |

| | топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. (еңбек дағдылары) | (еңбек дағдылары) | | ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | (еңбек дағдылары) |
|--|---|---|---|---|--|
| | <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>"Үйшіктер" құрылыс ойындары. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> | <p>"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер). Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. (математика негіздері)</p> <p>"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін.</p> | <p>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (математика негіздері)</p> <p>"Айырмашылығын тап" дамытушылық</p> | <p>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде</p> | <p>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның зандылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. (сөйлеуді дамыту, қоршаған</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>Ойын жабдықтары. (кұрастыру)</p> <p>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады. (кұрастыру)</p> | <p>Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Адымдар" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.</p> | <p>ортамен таныстыру)</p> <p>"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай кимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету) Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету)</p> <p>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету) Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)</p> <p>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету) Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)</p> |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|---|--|--|-------------------------------------|--|--|
| | | | | <p>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.</p> <p>Өртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму) "Сәлем" деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау)</p> <p>Колдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету) Жеңімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету) Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету, шапалақтау) Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау) Д. Ахметова</p> |
| Таңертеңгі жаттығу | <p>Кешенді жаттығу Қызыл-жасыл гүл ектік, Баптап, күттік, түрлеттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады. А. Меңжанова.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. | "Қызғалдақтай саусақтар" саусақ | "Неге солай?" ойын-жаттығуы. | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. | "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|---|
| | <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Дене мүшелері" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жакқа сермеу) Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сен едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің ескен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Су-тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларға су туралы айту, судың маңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздік</p> | <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Тұп-тұнық су" Мақсат-міндеттер: Балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға</p> | <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Аққу - қаздар" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға</p> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығу «Тоғандағы балықтар» Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі боялған сабын</p> | <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Сикыршы су» Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсінік беру. Балаларды ойларын</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|---|--|---|
| | қорларын молайту; сөз байлығын, дүниетанымын, ой өрісі мен зейінін дамыту; қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; балаларда жүруді жүгірумен кезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгіру дағдыларын жетілдіру. | үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту; адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасымен таныстыру; адам үшін судың маңызы жайлы білімдерін бекіту; шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Ата-ананы тыңдаймыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе арқылы балалардың су туралы білімдерін нығайту. Балаларды табиғатқа, суға қамқор болуға тәрбиелеу. |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, | "Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: | Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды | Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы | Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
| | <p>жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді.</p> <p>Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> | <p>балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге</p> | <p>үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.</p> <p>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару.</p> <p>Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.</p> <p>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету.</p> <p>Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.</p> <p>Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау.</p> <p>Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.</p> <p>Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп,</p> | <p>түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы.</p> <p>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.</p> <p>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).</p> <p>Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.</p> <p>Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық.</p> <p>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз.</p> | <p>бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бұркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.</p> <p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>"Кемпірқосақ".</p> <p>Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты.</p> <p>Ш. Әлдибекұлы.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту.</p> <p>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға</p> |
|--|--|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.</p> <p>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі</p> | <p>дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> <p>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.</p> <p>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.</p> <p>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға</p> | <p>жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез</p> | <p>Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндерінді көрейік.</p> <p>Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.</p> <p>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.</p> <p>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.</p> <p>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.</p> <p>Ойын ашық алаңда өткізіледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар екі</p> | <p>дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады.</p> <p>Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p> <p>Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.</p> <p>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады.</p> <p>"Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>жалғастырады.</p> <p>"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>болады.</p> <p>"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | <p>келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:</p> <p>- Бояудың бағысы қанша?</p> <p>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.</p> <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.</p> <p>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p> <p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты</p> | <p>топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p> <p>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> | <p>тырысады.</p> <p>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.</p> <p>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | | | <p>алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | |
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| Түскі ас | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | <p>Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.</p> <p>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы.</p> | <p>"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.</p> | <p>Дамытушылық ойын.</p> <p>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.</p> | <p>"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы</p> | <p>"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|--|
| | <p>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы,</p> | <p>Керекті құрал-жабдық: доп.</p> <p>Барысы.</p> <p>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).</p> <p>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.</p> <p>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!" - деп айтады.</p> <p>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді.</p> <p>Мысалы, "от" - өздігінен айналу, "су" - балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе, ұша алатын жәндік, "жер" - жануардың, жәндік аты.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері,</p> | <p>Барысы.</p> <p>Жүргізуші.</p> <p>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.</p> <p>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.</p> <p>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, кимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша</p> | <p>білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының ұнтаспасы.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады.</p> <p>Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек.</p> <p>Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады.</p> <p>Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с..</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық".</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> | <p>ажырату біліктілігін, дамыту. Керекті құрал-жабдық. Доп. Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады).</p> <p>Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).</p> <p>Барысы.</p> <p>Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны,</p> |
|--|---|---|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | <p>кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп,</p> | <p>медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай</p> | <p>маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар</p> | <p>балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш</p> | <p>онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің</p> |
|--|---|--|--|--|---|

| | | | | | |
|-----------------|---|---|---|---|---|
| | <p>"төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсеңдету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" , "өтінемін" сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| Балалармен жеке | Апта тақырыбына | "Табиғат әлемі" | "Су кімге керек?" | "Жаз" тақырыбына | "Жаз" мезгіліне |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|--|
| жұмыс | байланысты өлең жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) | әңгімелесуі. Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | байланысты жұмбақтар айту. Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |
| Серуенге дайындық | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзінді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 19.06. - 23.06.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзінді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Өсімдіктер құнарлығы". Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне | "Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді тұру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. | "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке | "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау | "Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | <p>топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. (еңбек дағдылары)</p> | <p>(еңбек дағдылары)</p> | <p>сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Не (кім) қалай</p> | <p>Саусақ жаттығуы. Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ саусақты ашып жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)</p> | <p>"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырап. "Халық ауыз әдебиеті." (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p> | <p>"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.</p> | <p>М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (</p> | <p>"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар)</p> | <p>таныстыру)</p> <p>"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға алдынала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ</p> | <p>алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айту керек (шөл далада, пойызда, ауылда). (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| | (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | | | ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | |
| Таңертеңгі жаттығу | <p align="center">Кешенді жаттығу Соз қолыңды оң жаққа, Соз қолыңды сол жаққа. Қолды айналдыр бұлданбай Шеңбер жасап тұрғандай (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p align="center">Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Таңғы асты қалдырмау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p align="center">"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p align="center">"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. (дене шынықтыру)</p> | <p align="center">"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау. (көркем әдебиет)</p> | <p align="center">"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту. Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p align="center">"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны. Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|---|
| | | | | | <p>былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! Ұшты - ұшты қарға ұшты! Ұшты - ұшты арба ұшты! Ұшты - ұшты дауыл ұшты! Ұшты - ұшты ұшақ ұшты! Ұшты - ұшты торғай ұшты! Ұшты - ұшты жылан ұшты! (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш" (әңгімесі)" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> | <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Балапандарға арналған ұялар" Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Гүлдерайым" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше</p> | <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Бұл балапан қандай мықты" Мақсат-міндеттер: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру.</p> | <p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Ертегі құс" Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> | <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Құстар" Мақсат-міндеттер: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктеу білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|---|---|---|--|---|
| | | шешім қабылдау қабілетін дамыту. | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан".</p> <p>Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. (Ел аузынан).</p> <p>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау. Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету; ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу. "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға,</p> | <p>Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу. Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. (Ел аузынан)</p> <p>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.</p> <p>Педагог қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.</p> | <p>Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.</p> <p>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, кара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай".</p> <p>Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа.</p> | <p>Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын аланына, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонна жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.</p> <p>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді. Торғай - шырылдайды. Қарға - қарқылдайды. Сауысқан - шықылықтайды. Бөдене - бытпылдайды. Бұлбұл - сайрайды. "Торғайдың әні"</p> | <p>Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.</p> <p>Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды. Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.</p> <p>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді. Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды. Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңиды.</p> <p>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен тандалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.</p> <p>Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.</p> <p>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.</p> <p>Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.</p> | <p>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп</p> | <p>Д. Ахметова.</p> <p>"Қайда барсаң – соны табасың"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.</p> <p>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының түрлі жерлеріне салады.</p> <p>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.</p> <p>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.</p> <p>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.</p> <p>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа</p> | <p>артикуляциялық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.</p> <p>Ж. Сымақов.</p> <p>Еңбек әрекеті: ағаш тұқымдарын жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.</p> <p>"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.</p> <p>"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын</p> | <p>еңбек тапсырмалары: ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.</p> <p>"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Күрделенуі: жаттығу сөздерін</p> |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.</p> <p>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".</p> <p>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту.</p> | <p>қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.</p> <p>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.</p> <p>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен</p> | <p>тәрбиелеу.</p> <p>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.</p> <p>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.</p> <p>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.</p> <p>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады.</p> <p>Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.</p> <p>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.</p> <p>Ұсталған ойыншы сол</p> | <p>әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту.</p> | <p>жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.</p> <p>"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар шеңбер құрайды.</p> <p>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.</p> <p>Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.</p> <p>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.</p> <p>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Ойын қайта басталады.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүру және жүгіру техникасын пысықтау.</p> |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | | <p>қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру.</p> | <p>топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. "Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Өзеннен өту". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде тұзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепеңдігін сақтауға бейімдеу.</p> | | |
| Серуеннен оралу | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| Түскі ас | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; | | | | |

| этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
|---|--|---|---|--|--|
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Дамытушылық жаттығу. "Қандай және қанша айырмашылықтар бар?" Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар). Барысы. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы</p> | <p>Логикалық ойын. "Болашақта неге айналады?" Мақсат-міндеттер: балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Заттық суреттер мен мнемочарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін. Барысы. Педагог атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек. Педагог балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?" Педагог ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен</p> | <p>"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің</p> | <p>Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттер:</p> | <p>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | <p>білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдарданойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.</p> | <p>қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Пошта".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті</p> | <p>жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б. Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p> | <p>балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б.) келісім. Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады.</p> | <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лиценст сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.</p> |
|--|--|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--------------------------|---|--|
| | <p>Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" , "өтінемін" сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана</p> | <p>құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. "Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл. Барысы. Педагог балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу. Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы, пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді. Балалардың тандауы бойынша рөлдер бөлінеді.</p> | <p>таныстыру)</p> | <p>Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін тандайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек;</p> |
|--|--|---|--------------------------|---|--|

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|---|---|--|--|
| | <p>құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау-негізгі міндеттері.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді. Педагог ойын барысында балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді. Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тыңбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | | | <p>театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға</p> | <p>Тілге арналған жаттығу. Әртүрлі өлеңдер оқу.</p> <p>Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кең дала.... Төсі толған егін.</p> | <p>"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды</p> | <p>"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру;</p> | <p>"Жұмбақ сан" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға дайындауға, алғашқы</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>Көлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менің! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымақов. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету; Барысы. Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p> |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

Әдіскер  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|--|--|--|-----------------|--|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 26.06. - 30.06.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>"Қуыршақтарды жуындыру". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын</p> | <p>"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу.</p> | | <p>"Таза орындықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени –</p> | <p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру.</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | <p>қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>(еңбек дағдылары)</p> | | <p>гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>(еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік.</p> | <p>"Лото" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр!</p> | | <p>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер). Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көкөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)</p> | <p>"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> <p>"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. Көркем сөзді мәнерлеп айту</p> |

| | | | | | |
|----------------------------------|---|---|--|---|---|
| | <p>Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, төмен түсірейік.</p> <p>Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп- шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | | <p>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>Пазл жинау ойыны. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (математика негіздері)</p> <p>"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. (математика негіздері)</p> | <p>(жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық, Оңға қарай иіліп,</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| | <p style="text-align: center;">Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p style="text-align: center;">Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнгерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өленді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді</p> | <p>Әңгімелесу: "Құс ұясын бұзба; ағаштарды сындырма; демалып отырған орнына қоқыс тастама; бұлақты ластама". Мақсат-міндеттер: табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | | <p>"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер: сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жана сөз құрау. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Тікұшақ қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау. Педагог балаларды алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді. Солдан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді. Құралдары: тікұшақтың жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері. Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ жоғары ұшады",</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | <p>келтіреді) Гүлге қонды, жарыса!</p> <p>Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды)</p> <p>Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті!</p> <p>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)</p> | | | | <p>"тікұшақ төмен ұшады", "тікұшақ жерге қонады", "Тікұшақ аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың иілгіш екенін байқайды. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет</p> | <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Жазғы ауа-райы, жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру.</p> | <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Күлімдеп тұр нұрлы күн" Мақсат-міндеттер: Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту;</p> | | <p>Сурет салудан ойын- жаттығу «Аспандағы ғажайып құс» Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын, зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту; бояу, қылқаламмен сурет</p> | <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын- жаттығу "Әрқашан күн сөнбесін!" Мақсат-міндеттер: Аспан денелерімен танысуды жалғастыру, жердегі жарық пен жылу көзі күн туралы кеңірек түсінік беру. Күннің жердегі тіршілік үшін маңыздылығын анықтау. Балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|--|---|
| | | <p>қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Әңгімелеп үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш" Мақсат-міндеттер: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету; оқылған әңгіменің мазмұнын меңгерту; еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелеу.</p> | | <p>салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Әсем табиғат" Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.</p> | <p>Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру.</p> | <p>Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту. "Торғайдың әні". Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды.</p> | | <p>Раушангүл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру. Еңбек әрекеті: гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп</p> | <p>Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту, "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>Еңбек әрекеті: дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу).</p> <p>(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру.</p> <p>"Кім спортшы?" жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.</p> <p>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда.</p> <p>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшак, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында</p> | <p>Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымақов.</p> <p>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау.</p> <p>(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту.</p> <p>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.</p> <p>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.</p> <p>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.</p> | | <p>жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау. Су құйғыштарды қолдану.</p> <p>"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.</p> <p>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.</p> <p>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.</p> <p>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті</p> | <p>Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты.</p> <p>Ш. Әлдибекұлы.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ бұтақтардан жинау.</p> <p>(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, ортақ тапсырманың орындалуына қол жеткізу, өзара көмекке тәрбиелеу.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды</p> |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|---|
| | <p>адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып</p> | <p>Басқарушы екі саптын арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы</p> | | <p>бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. "Күннің суретін сал" қимылды ойыны-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: спорттық</p> | <p>мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды</p> |
|--|---|---|--|--|---|

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|--|--|---|
| | <p>жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақ сүйек.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.</p> <p>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастардан секіру".</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті дамыту.</p> | <p>ойындар, дымқыл құммен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> | | <p>ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру.</p> | <p>жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.</p> <p>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.</p> <p>"Түрлі-түсті жолақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті жылдам бағдарлау біліктіліктерін дамыту, кемпіркосақ түстерін бекіту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты, көру қабілеттерін дамыту "Нысанға тигіз".</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.</p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|--|
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: Өртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p> | <p>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың</p> | | <p>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Өртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ -</p> | <p>Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана". Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды</p> | <p>немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | | <p>ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|---|--|---|--|
| | <p>зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | | | | |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Өрнекті жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту. (математика негіздері)</p> <p>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың?</p> | | <p>"Сөйлем құра" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту,</p> | <p>"Жаз" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: сұрақтарға толық, нақты жауап беру біліктіліктерін пысықтау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала,</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | | Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | | қоршаған ортамен таныстыру) | Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Балалалық ұяндық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | "Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу. | Кеңес "Баланы еңбекке баулу". |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | | |
|--|---|--|--|---|-----------------|-------------|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 01, 03.07. - 07.07.2023ж. | | | | | |
| Апта күндері | <i>Сенбі</i> | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| | | | | | | |
| Күн тәртібі | | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | "Ойыншықтарды жөндеу". Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарды жөндеуге тарту; ойыншықтарды ұқыпты | "Ойыншықтарды орындарына жинау". Мақсат-міндеттер: өз бетінше топ ішіндегі тазалықты біліктіліктерін жетілдіру. Топтың тазалығын | "Өсімдіктердің жапырақтарын сүрту". Мақсат-міндеттер: жапыраққа қолды батырмай, дымқыл шүберекпен ұқыпты сүрту, гүлдерді аялауға | "Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын | | |

| | | | | | | |
|-------------------------------------|--|--|--|--|--|--|
| <p>тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>ұстауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>реттеу (ойыншықтарды, құрылыс материалдарын жинау). Эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | | |
| | <p>"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар)</p> | <p>"Адымдар" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту. Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап, адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар.</p> | <p>"Сөз мағынасы" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның қолданылуының негізгі түрін көрсете білуге үйрету. Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру", "күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең" және т. б.. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау;</p> | <p>"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады,</p> | | |

| | | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|--|
| | <p>"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы</p> | <p>(Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Бақшада ма, бақта ма?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түрлі жидектер жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорларын кеңейту, зейіндерін дамыту. Сипаттау. Әр бала, кез-келген жидектің жартысы бейнеленген суретті таңдайды және суреттейді, екінші жартысы ұстаған бала шешуін тауып, өзіне алады, егер қарсыласы таппаса, онда карточка өзінде қалады.</p> | <p>жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар</p> | | |
|--|---|--|---|---|--|--|

| | | | | | | |
|----------------------------------|--|--|---|--|--|--|
| | <p>бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). (</p> | | <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса!</p> <p>Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдіргендер " жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті!</p> <p>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (көркем әдебиет)</p> | | |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>Оятуға қуанышты, эмоционалды жағдай орнату, ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту.</p> <p>Кешенді жаттығу. Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Ұйқымызды ашайық.</p> | | | | | |

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|--|
| | (дене шынықтыру) | | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | "Жидектер жинау" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды, ұсынылған түстердің аталуын ажырату және сөйлеу кезінде қолдану біліктіліктерін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) | Әңгімелесу: "Бау мен бақша". Мақсат-міндеттер: бау және бақша өсімдіктері жайлы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру; бау-бақшадағы мезгілдік жұмыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". (қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет) | "Жаз" тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру. Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жазғы табиғат сұлулығына деген жағымды-эмоционалды қарым-қатынас қалыптастыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу Б. Алтынсарин | Математика негіздерінен ойын-жаттығу | Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Ертегідегідей гжель" | Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу | | |

| | | | | | | |
|---|---|--|--|--|--|--|
| <p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>"Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету; анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу.</p> | <p>«Лунтик пен оның достарының саяхаты» Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардың теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Маусымжан" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.</p> | <p>Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б. <i>«Бдысты құрастыр» ойыны.</i></p> <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Құлпынайдан жасалған тосап" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру.</p> | <p>"Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> | | |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> | | | | | |

| | | | | | | |
|----------------------|--|---|---|---|--|--|
| <p>Серуен</p> | <p>Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту. "Құмырсқа". Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің,</p> | <p>Мезгілдік өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз. "Жазғы сурет". Артымнан ай туғандай, Алдымнан күн. Түнде жұлдыз күлімдеп, Қағады ым. Мөлдір бұлақ, Сырлы өзен суы тұнық Кенет сылдыр етет те, Болады жым... Аппақ болып көсіліп, Бұйраланып, Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп Жатар жайқын. Мөлдір судан бетімді Көрейін деп, Үңіледі өзенге, Шыңырау - шың. Ж. Саин. Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.</p> | <p>Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!</p> | <p>Инелікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: инелік жәндәгәне деген қызығушылықты ояту; инеліктің сыртқы пішінін байқап, қимылын бақылап, өзге жәндіктерден ажыратуға дағдыландыру. Ұшағым бар кіші, Мінбейді еш кісі. (Инелік) Педагог балалардан инеліктің қандай көлік түріне ұқсастығы бар екендігін сұрайды. Инеліктің қимылына карап, адам тікұшақты ойлап тауып, құрастырғанын айту. Инеліктің батыл, шапшаң жәндік екендігін түсіндіру. Балаларға Б. Житковтің "Батыл үйрек" әңгімесін мазмұндап беруге болады. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ құраған бұтақтар мен жапырақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: өз</p> | | |
|----------------------|--|---|---|---|--|--|

| | | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|--|
| | <p>Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! Қ. Мырзалиев. Еңбек әрекетін: ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: балаларда қалыптастыру; тәртіпке саналы қарым-қатынасты, тазалық кезінде бастама мен дербестікті ынталандыру. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p> | <p>Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық,</p> | <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: берілген тапсырманы ересектермен бірігіп орындау, гүлзардағы гүлдерді түптеу. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасауға, қойылған мақсатқа ортақ күш-жігермен жетуге баулу. "Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар,</p> | <p>ойын аумақтарын жинау барысында жабындыны ретке келтіру, тазалық жүргізу құрылдарын ұқыпты қолдану, қауіпсіздік техникасын сақтау сияқты бастамаларды ынталандыру. "Инеліктің әні" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ырғақты, мәнерлі сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді,</p> | | |
|--|---|--|---|--|--|--|

| | | | | | | |
|--|---|---|--|---|--|--|
| | <p>Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында.</p> <p>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді.</p> <p>"Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында</p> | <p>Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақша болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p>"Өз түсінді ізде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: түспен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту. Балалар белгілі пішінді көрген кезде негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен</p> | <p>Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар!</p> <p>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.</p> <p>"Затты жылдам ал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер бойымен жүруді, жүгіруді, би қимылдарын орындауды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; ептілікті, жылдамдықты дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, аттап жүру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы</p> | <p>ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.</p> <p>Ойынның соңынан балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>"Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда әртүрлі бағытта жүгіруді, жылдамдықты үдетуді үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін бекіту; жылдамдылықты, ептілікті дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру кезіндегі жылдамдыққа жаттықтыру.</p> | | |
|--|---|---|--|---|--|--|

| | | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|--|
| | <p>"аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.</p> <p>"Жидектер жинаймыз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды үйрету; ұсынылған түстерді ажырату және сөйлеу барысында атауларын қолдану біліктіліктерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.</p> <p>"Алысқа секір".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді жетілдіру.</p> | <p>секіру, аяқты жоғары көтеріп жүру, т.б.).</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; "Допты тап" қимыл-қозғалысты дамыту ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: байқампаздықты дамыту.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөленедер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған</p> | <p>ойындар.</p> <p>Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p> | | | |
|--|---|---|---|--|--|--|

| | | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|--|
| | | <p>материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p> | | | | |
| Серуеннен оралу | Далаға киген киім-кешектері мен аяқ киімдерін тазалау біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| Түскі ас | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сұрту дағдыларын пысықтау.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | | |
| Бірте-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары | Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу. (дене шынықтыру) | | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау</p> | <p>"Ғажайып қап" дидактикалық ойын.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу,</p> | <p>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жалпылама сөздер "Жидектер", "Жемістер" жайлы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын</p> | <p>"Түлкі, қоян және әтеш" үстел үсті театры</p> <p>Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілі мен тілдік қарым-қатынасты дамыту. Ертегі мазмұндауына қосылу.</p> | | |

| | | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|--|
| | <p>біліктіліктерін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері.</p> <p>Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы;</p> | <p>ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру. Жүргізуші балалардың алдына қап қояды. Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты сипаттап, неден жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер,</p> | <p>молайту. Барысы. Балалардың алдына бақшаның, ағаштың, бұталардың, макеті қойылады. Бала бір жемісті немесе жидекті таңдайды, оны сипаттайды және сәйкес ағашқа, бақшаға немесе бұтаға бекітеді (жапсырады). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында</p> | <p>Дыбысты нақты дыбыстау. Рөлдерге бөлу барысында балалар өзара келісіп, бір-біріне шыдамдылық және сыйластық танытуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Пиццерия".</p> <p>Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас</p> | | |
|--|--|--|---|---|--|--|

| | | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|--|
| | <p>театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен</p> | <p>ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу.</p> <p>Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | | |
|--|--|--|---|--|--|--|

| | | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|--|
| | | | таныстыру, еңбек дағдылары) | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Ойын-әңгіме: "Күн тәртібі және мен". Мақсат-міндеттер: монологты сөйлеуді дамыту. (сөйлеуді дамыту) | "Көңілді сан" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. (математика негіздері) | "Одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері, әртүрлі тәулік бөліктеріндегі балалардың әрекеттері жайлы білімдерін бекіту. (математика негіздері) | "Не-қандай?" ойын жаттығуы Мақсат-міндеттер: орман және үй жидектерін атау, сын есімді таңдау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "«Балаларға қандай ойыншықтар керек?» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | Әңгімелесу: "Ойыншықтарды өзім жинаймын". | Әңгімелесу: "Пайдалы жидектер" | Ата-аналарға ұсыным: "Балаларға не оқуға болады?" | | |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| <p>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)</p> | <p align="center"><i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i></p> | | | | |
| <p>Топ/сынып</p> | <p align="center">Ересек топ</p> | | | | |
| <p>Тобы, топтың реттік саны, атауы</p> | <p align="center">Алтын кілт</p> | | | | |
| <p>Балалардың жасы</p> | <p align="center">4 жастағы балалар</p> | | | | |
| <p>Педагогтің аты-жөні</p> | <p align="center">Мырзабаева А, Байтемирова Ж</p> | | | | |
| <p>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</p> | <p align="center">10.07. - 14.07.2023ж.</p> | | | | |
| <p>Апта күндері</p> | <p align="center"><i>Дүйсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Сейсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Сәрсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Бейсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Жұма</i></p> |
| <p>Күн тәртібі</p> | | | | | |
| <p>Балаларды қабылдау</p> | <p>Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| <p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> | <p align="center">Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>"Ойыншықтар шкафын реттеу". Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетімен ойыншықтарды әдемі реттеп қоюға, үйрету. Шкафтағы реттілікті сақтау, шаң сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу.</p> | <p>"Ұйымшыл кезекшілер". Мақсат-міндеттер: кезекші міндеттерін дербес және адал орындау. Тәрбиеші оқу қызметіне дайындаған материалдар мен нұсқаулықтарды үстелдерге орналастыру; оқу қызметінен кейін, жұмыс орнын жуу және</p> | <p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктерін тазалықта ұстау тәсілдері жайлы алған білімдерін нақтылау, балаларды өсімдіктердің сыртқы бейнесіне, құрылымына қарап шаңды анықтау және жою тәсілдерін үйрету.</p> | <p>"Біз көмекшіміз". Мақсат-міндеттер: тамақтан кейін ыдысты үстелден жинауды үйрету. Балаларды ересектерге шамасы келгенше көмек көрсетуге жетелеу. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін</p> | <p>"Бет орамалдарды жуамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды сабындау дағдыларын, майлықтарды шайқап, сығуға үйрету. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Еңбексүйгіштікті, сумен ұқыпты жұмыс істеу</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | (еңбек дағдылары) | жинау. Еңбексүйгіштікті, үлкендерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, басқалардың игілігі үшін, еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | (еңбек дағдылары) | бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | біліктіліктерін дамыту. Ұжыммен бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) |
| | <p>"Өрнекті қайтала" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен зейінді тұрақтандыруға ықпал ету. (шығармашылық дағдылар)</p> <p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (көркем әдебиет)</p> | <p>"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. Ережені есте сақтау жаттығуы. (танымдық дағдылар)</p> <p>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін</p> | <p>"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Кім спортшы?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты</p> | <p>"Ал егер?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)</p> | <p>"Қол шапалақта" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: бала зейінінің тұрақтылығы мен ауысуын, танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | | <p>дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Токта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. (көркем әдебиет)</p> | <p>сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, кимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау) Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алға сермеу) Ызылдайтын жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары</p> | <p>қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. (дене шынықтыру, танымдық дағдылар)</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|---------------------------|--|--|--|---|--|
| | | | | <p>алдыны нұсқайды) Басып қалсаң тегігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | |
| Таңертеңгі жаттығу | <p>Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу.</p> <p>Жаттығуды бастайық, Бұл әдеттен қашпайық. Ашайық тез ұйқыны, Жақсы өтсін бұл күнім! (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста,</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| | Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Әңгімелесу: "Күн тәртібі не үшін керек?". Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтары мен күн тәртібіне, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру. (математика негіздері) | "Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау. Педагог балаларды алдынала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді. Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді. Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері. Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) | "Мысық қалай қимылдайды?" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары. Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады) Көрсетейік осындайда. Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу) Күшіктер куса - қашады. ("Жүгірту") Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту) Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау) Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы) Болу өте қызықты: Күнге көзін жұмып-ашып, | "Ауа-райына сай киінеміз" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ауа-райына сәйкес киіну ережелерін игерту; қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту; жазғы ауа-райы ерекшеліктері, адам денсаулығына келтіретін әсері жайлы ұғымдарын жалпылау және толықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру) | Әңгімелесу: "Мен-жаяу жүргіншімін". Мақсат-міндеттер: балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту, балаларға түрлі жағдайларда, жаяу жүргіншілер қалай әрекет ету керектігін, айтып беруді ұсыну. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | | жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады". Балалар тікұшақтың (инеліктің) иілгіш екенін байқайды. (танымдық дағдылар) | (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру) Созылып тыныш жатады. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | | Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Балалар күні" Мақсат-міндеттер: Балалардың ойын-ауық әлемі туралы бұғымдарын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге, сөйлеуге баулу; есте сақтау қабілеттерін дамыту, тақпақтар, өлеңдер жаттау, мінерлеп айтуға дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, кішіге қамқор болуға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. | Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Көңілді ойындар" Мақсат-міндеттер: Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру іскерліктерін дамыту. | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Әдеби шығармалар әлемінде" Мақсат-міндеттер: Балаларға кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адамдар еңбек ететіндігі жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын ояту; есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту; кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу. | Сурет салудан ойын-жаттығу "Батпырауық" Мақсат-міндеттер: Қарындаш/фломастерді дұрыс ұстау, қағаз бетінде бағдарлау, түзу сызық, өрнек салу біліктілігін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; өзара көмек қолын созу сезімдерін тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Би билейміз баршамыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Табиғат патшалығына саяхат» Мақсат-міндеттер: Балаларға қуанышты көңіл-күй туғызу, эмоционалды сезімталдықты ояту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу қабілетін, тапқырлығы мен эрудициясын дамыту. Балаларды табиғатты сүйуге, құрметтеуге, жануарлар әлеміне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|---|---|--|
| | | | | татулыққа тәрбиелеу. | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: терекпен таныстыруды жалғастыру, оны қарастыру, оған тән белгілерді, басқа ағаштардан айырмашылығын анықтау. Көркем сөз. "Сұлу терек" Кербезінің маңызданған, сұлу терек! Орандың желбіреген жасыл желек. Тұрасың ырғатылып тақапарсың, Басқа ағаш көрінбейді саған серік. Сымбатты, оқтай түзу бойың мінсіз, Бұл жақта сенде - ақ көрдім мұндай көрік. Аспанға бой созасың үндемейсің, Тақапар, жалғыз өскен дәтің берік! Сәкен Сейфуллин Еңбек әрекеті: гүлзарды қураған жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауға үйрету.</p> | <p>Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейінін, бақылау қабілетін дамыту. Көркем сөз. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев Еңбек әрекеті: ағаштағы құрғақ бұтақтарды жинау.</p> | <p>Шегірткені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың шегіртке, кейбір жәндіктердің қорғаныс түрлері жайлы білімдерін кеңейту, (қорғаныс түсі); жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтарын, байқағыштық біліктіліктерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балаларға шегіртке денесінің сыртқы реңкі (жасыл, қоңырқай) шөп, жапырақ, бұталардың түстеріне сай екендігін көрсету. Түстің неге осындай екенін сұрау. Шегірткенің құстардан, кесірткелерден жасырыну амалы туралы түсіндіру. Абай Құнанбаевтің И. Крыловтан аударған "Шегіртке мен құмырсқа" атты мысалын оқып беруге болады. Еңбек әрекеті: бақшадағы топырақты қопсыту.</p> | <p>Көлікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: өтіп бара жатқан көлікті бақылауды, жеңіл және жүк көлігін және арнаулы көліктерді ажыратуды үйрету, байқампаздықты, өз ойын нақты жеткізе білу біліктіліктерін дамыту. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе -</p> | <p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: гүлдердің</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>"Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайынның суреттері, жапырақтырының кескіндері.</p> <p>- Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын).</p> <p>- Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.</p> | <p>Мақсат-міндеттер: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері</p> | <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жабдықтары: күрекшелер мен тырнауықтар, қолғаптар.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады.</p> <p>Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> <p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.</p> <p>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып</p> | <p>аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.</p> <p>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.</p> <p>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу.</p> <p>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.</p> <p>Ойын ашық алаңда өткізіледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар екі</p> | <p>тұқымдарын жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаздан қалташаларды қолдану.</p> <p>"Тікұшақ (инелік) қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың (инелік) қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.</p> <p>Педагог балаларды алдынала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетеді.</p> <p>Содан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.</p> <p>Құралдары: тікұшақты жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.</p> <p>Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) солға ұшады", "тікұшақ (инелік) жоғары ұшады", "тікұшақ (инелік) төмен</p> |
|--|---|---|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.</p> <p>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.</p> <p>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.</p> <p>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.</p> <p>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.</p> <p>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".</p> <p>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.</p> <p>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын</p> | <p>жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.</p> <p>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p>"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.</p> <p>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.</p> <p>Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақ сүйек.</p> <p>"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: дамыту түрлі бағытта жүгіру кезінде, әрекет етуді келісу; ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: күшпен жылдамдықты біріктіру.</p> | <p>топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады.</p> <p>Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p> <p>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?</p> <p>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.</p> <p>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p>"Түрлі-түсті автокөліктер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережесін сақтауды, тәрбиешінің белгісі бойынша, кеңістікті бағдарлап, белгілі бағытта, бір-біріне соқтығыспай жүгіруді жетілдіру.</p> | <p>ұшады", "тікұшақ (инелік) жерге қонады", "Тікұшақ (инелік) аспанда ұшады".</p> <p>Балалар тікұшақтың (инеліктің) иілгіш екенін байқайды.</p> <p>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.</p> <p>Жүргізуші былай жариялайды:</p> <p>- Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт!</p> <p>Балалар "арт" сөзін естесе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек.</p> <p>Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.</p> <p>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын</p> |
|--|--|--|---|--|

| | | | | | |
|------------------------------------|---|--|--|---|--|
| | <p>әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жүгірумен кезектестіріп секіру. Мақсат-міндеттер: ептілікті, зейінділікті дамыту.</p> | | | <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; қимыл-қозғалысты дамыту, белгі бойынша тоқтап, қайта жүру. Мақсаты: зерек болып жүру техникасын жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкапка тиянақты бүктеп салу.</p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.</p> | | | | |
| <p>Бірте-бірте тұрғызу,</p> | <p>Ұйқыларынан оянып, төсекте жатып жасайтын жаттығу; балалар жатқан қалыпта, төсектен тұрмай, көрпе астында аз мөлшерде орындайды.</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| сауықтыру шаралары | Жалпы дамытушылық жаттығу; (төсекте 2-3 минут) балалардың ұйқыдан, ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған жаттығу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында уқалау жолдарымен жүру. (дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы</p> | <p>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың орман және көгал өсімдіктері жайлы білімдерін бекіту; сөздердің жалғауларын нақты айту; есте сақтауларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Менің жанұям". Мақсат-міндеттер: өз бетімен жоспарланған сюжет үшін, ойын ортасын жасауға үйрету. Топпен жұмыс істеу ниетін тәрбиелеу. Барысы: балалар рөлдерді бөліп, өз бетінше ойнайды. Балалар өзара бір-бірімен ақылдасып, өз әрекеттерін жоспарлайды. Тәрбиеші диалогтардың нығаюына ықпал етеді, қосымша, бағыттаушы сұрақтар қоюы мүмкін.</p> | <p>"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздер арасындағы қосымшаларды дұрыс байланыстыру. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет" Мақсат-міндеттер: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p> | <p>"Ағаш бұл..." дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: ой-өрісін дамыту, балалардың өз білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білуге, бір затты әртүрлі көзқараста көруге мүмкіндік беру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі</p> | <p>"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана" Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп,</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет.</p> <p>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.</p> <p>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.</p> <p>Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем</p> | <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады.</p> <p>Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді).</p> <p>Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады.</p> <p>Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|-----------------------|---|--|---|---|---|
| | әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | <p>Саусақ жаттығуы: "Апта күндері". Мақсат-міндеттер: қол саусақтарының қозғалысын дамыту . (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Әңгімелесу: "Балабақшадағы менің сүйікті ойындарым". "Қане, көрсет" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынап таныту) Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)</p> | <p>Әңгімелесу: "Менің сүйікті жан-жануарларым". "Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>"Сипаттамасынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрауды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. (</p> <p>"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ.</p> | <p>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту. (математика негіздері)</p> <p>"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. (дене шынықтыру)</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|
| | | Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту). Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) (көркем әдебиет, дене шынықтыру) | | (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Театр құыршақтарын жасау" тақырыбында кеңес. | Әңгімелесу: "Балалардың үйдегі ойыншықтары" | Кеңес: "Баланың көшедегі қауіпсіздігі". | Әңгімелесу: "Баланы еңбекке баулимыз". | Кеңес: "Бала тәрбиесіне онлайн ойындардың ықпалы". |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|---|
| <p>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)</p> | <p align="center"><i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i></p> | | | | |
| <p>Топ/сынып</p> | <p align="center">Ересек топ</p> | | | | |
| <p>Тобы, топтың реттік саны, атауы</p> | <p align="center">Алтын кілт</p> | | | | |
| <p>Балалардың жасы</p> | <p align="center">4 жастағы балалар</p> | | | | |
| <p>Педагогтің аты-жөні</p> | <p align="center">Мырзабаева А, Байтемирова Ж</p> | | | | |
| <p>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</p> | <p align="center">17.07. - 21.07.2023ж.</p> | | | | |
| <p>Апта күндері</p> | <p align="center"><i>Дүйсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Сейсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Сәрсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Бейсенбі</i></p> | <p align="center"><i>Жұма</i></p> |
| <p>Күн тәртібі</p> | | | | | |
| <p>Балаларды қабылдау</p> | <p>Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| <p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> | <p align="center">Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</p> | <p>"Таза орындықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды топтағы орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін, орындарына қою. Еңбек дағдылары мен</p> | <p>"Біз ойыншықтарды әдемі жинаймыз". Мақсат-міндеттер: топтағы ойыншықтарды өз бетінше реттеп, ұқыпты жинау біліктіліктерін жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын,</p> | <p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер: балаларды кезекшілік міндеттерін өз бетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. Қолды таза жуу,</p> | <p>"Қуыршақтың киімдерін жуу". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақтардың киім-кешектері мен төсек жаймаларын жууға</p> | <p>"Кітаптарды жөндеу". Мақсат-міндеттер: балаларды кітаптарды желімдеуді, желім мен қайшыны дұрыс қолдануды, майлықтарды пайдалануды үйрету. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін,</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|--|--|--|--|
| <p>тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Үлкендерге көмектесу ниеттерін, олардың еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>кезекшінің киімін кию, дастарханды дұрыс әзірлеу. Тамақтан кейін ыдысты тазалау. Еңбекке баулу, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>көмектесуге үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыш киюді үйрету; жуу және кептіруге қажет арнайы құралдарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау; сабынды қолдана білу. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>көзбен мөлшерлеуді, ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қиялдарын дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін, кітаптарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Базарда". Не қалайсың, базарда Барлығы бар, дайын да: Жеміс-жидек, көгөніс, Ет, балық пен сүтіміз. Құрт, ірімшік, қаймақ Барлығыңды тойдырмақ. Түрлі-түрлі азықтар,</p> | <p>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай</p> | <p>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерге тиісті адамның еңбегі туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту) "Қайсысы ең ауыр?"</p> | <p>"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында</p> | <p>"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | <p>Тәттілер мен жармалар.</p> <p>Нан өнімінен бауырсақ, Бәліштер, тоқаш томпақ.</p> <p>Ұсақ-түйектен не қаласаң, Базардан сен табасың. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Көгөністі танып, ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасын жайлы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.</p> | <p>геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері)</p> <p>"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық.</p> | <p>ЛОГИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЫ. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр). Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы:</p> | <p>біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен</p> <p>Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет)</p> | <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шенберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. (көркем әдебиет)</p> |
|--|--|--|---|---|---|

| | | | | | |
|----------------------------------|---|--|--|--|--|
| | <p>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.</p> <p>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.</p> <p>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бұршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>- Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.</p> <p>- Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - жақын - алыс - үлкен - кішкентай - ұзын - қысқа - қорқақ - батыл - зұлымды - мейірімді /пантомима арқылы көмектесуге болады/ - баяу - жылдам - астыда - үстіде - артында - алдында - биік - аласа - қатты - жұмсақ - ауыр - жеңіл - сол жақта - оң жақта <p>Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ұйымдастыруға болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).</p> <p>(танымдық дағдылар)</p> | | |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.</p> <p>Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп,</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|--|
| | <p>Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Жоғары - төмен" кимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай кимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін</p> | <p>Әңгімелесу: "Кезекшілерге арналған ережелер". Мақсат-міндеттер: балалардың дастарханды қалай жаю керектігін естеріне түсіру, реттілігін сақтай отырып, тиянақты әрекет етуге үйрету, орындалған жұмыстың өзектілігін талқылау. Кезекшілік барысында қажет еңбек дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>"Көгөністер дүкені - бұл...?" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеулерін белсендету: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?". Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз.</p> | <p>Әңгімелесу: "Бақшада не өседі?" Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым себеп-салдар байланысын орнатуға үйрету, оқиғаларды белгілі бір ретпен орналастыру, қалай дұрыс тамақтану керектігі жайлы түсінігіне алып келу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | | | Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жабайы аңдар, түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуге жаттықтыру; әңгіме мен ертегіні салыстырып, қайсысы өмірдегі шындыққа жақын екенін ажырата білуге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу. | Құрастырудан ойын-жаттығу "Көгөністерге арналған себет" Мақсат-міндеттер: Балаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу | Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Пайдалы көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; балаларда аяқтарын алшақ қойып секіру; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру. | Жапсырудан ойын-жаттығу "Көгөністер мен жемістер" Мақсат-міндеттер: Балаларды жемістер мен көгөністердің пішіні мен оларға тән ерекшеліктерді жеткізіп көрсете білуге үйрету; шаршы мен тіктөртбұрышты қағаздан әртүрлі пішіндерді қиып алу дағдыларын қалыптастыру; қосарлап бүктеу тәсілі арқылы заттарды қиюға жаттықтыру; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты жұмыс | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балалардың көгөністер туралы білімдерін кеңейту, көгөніс бақшада өседі деген идеяны бекіту; көгөністерді сыртқы түрі бойынша ажырата білуге, оларды атауға үйрету; сөйлеу, ойлауды дамыту; адамдардың жұмысына, олардың еңбек өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|--------------------------|---|--|--|--|---|
| | | <p>"Жаңбыр"</p> <p>Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту.</p> <p>Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.</p> | | жасауға тәрбиелеу. | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Бақшадағы көгөністерді бақылау (қияр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер қиярдың сыртқы пішіні және өсу ерекшеліктерін байқауға, суару ережелерін ескеруге баулу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.</p> <p>Қиярдың түсі ақ тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны</p> | <p>Бақшадағы көгөністерді бақылау (сәбіз бен қызылша). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сәбіз бен қызылшаның сыртқы ерекшеліктерін байқап, салыстырып, ажыратуға бейімдеу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.</p> <p>Сәбіздің ұсақ, қызылшаның кесек тұқымдарын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп,</p> | <p>Бақшадағы көгөністерді бақылау (пияз). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: пиязды өзге көгөністерден ажыратуға дағдыландыру; көгөністердің өсіп, пісуіне жазғы мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту; бақылағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз)</p> <p>Ересектермен бірге</p> | <p>Бақшадағы көгөністерді бақылау (қызанақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу.</p> <p>Аласа талда алуан алма,</p> | <p>Жазғы бақтағы жұмысты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бақшада көктем, жазда жасалатын еңбек туралы білімді пысықтау; көгөністердің өсіп-өну жүйесін бақылауға бейімдеу; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Еңбек".</p> <p>Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.</p> <p>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге баулу.</p> <p>"Қиярлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру.</p> <p>Құралдары: ішіне жартылай құма салынған 0,5 л пластик шөлмектері.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-</p> | <p>содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту.</p> <p>Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.</p> <p>Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз)</p> <p>Сәбіз бен қызылшаның суықтан қорықпайтындарына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту.</p> <p>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.</p> <p>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.</p> <p>Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: көгөністерді салыстырып, қорытынды жасауға үйрету; көгөністердің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттері туралы түсініктерін бекіту, олардың өсуі үшін қажет</p> | <p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жымдық жұмысқа үйрету; ересектің еңбегін қадірлеуге баулу.</p> <p>"Көгөністерді кім жылдам егеді?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындауға, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық танытуға бейімдеу.</p> <p>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.</p> <p>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары</p> | <p>Алқызыл болмай аузына салма. (Қызанақ)</p> <p>Қызанақтың ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту.</p> <p>Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету.</p> <p>Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау.</p> <p>Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.</p> <p>Еңбек әрекеті: бақшада қурап қалған жапырақ, бұтақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекті бағалауға, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>"Тым-тырақай"</p> | <p>Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.</p> <p>Н. Жанаев</p> <p>Педагог пен балалар бақшаны баптауға және күтуге қандай еңбек керектігін әңгімелейді, етістік сөздерді қолданады; мысалы, топырақты қазу, тырнау, өскіндерді отырғызу, тұқымдарды егу, су құйғышпен суару, арам шөпті жұлу, қопсыту, ұзын сабақтарды байлау, көгөністі жинау.</p> <p>Еңбек әрекеті: көгөністердің қурап қалған жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бақшадағы еңбектің маңызды екендігін түсінуге тарту; қарапайым еңбек дағдыларын дамыту.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>"Шеңбер" қимыл қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: нысананы көздеуді, ептілікті дамыту, халық ойындарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>құбылыстарды атауға дағдыландыру.</p> <p>Зерттеу. Сәбіз бен қызылша тұқымын анықтау (түсі, көлемі). Бөлме ішінде өсіру үшін қазып алу.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>бақшадағы піскен көгөністерді жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу.</p> <p>"Көгөністерді ата" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру, көгөніс атауларын бекіту.</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> | <p>бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:</p> <p>- Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады!</p> <p>Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.</p> <p>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.</p> <p>"Тышқан" ұсталынса,</p> | <p>ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.</p> <p>Ал, көнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар!</p> <p>Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.</p> <p>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Ойын қайта басталады.</p> <p>"Өрт сөндірушілер оқу жаттығуларында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> | <p>ойыншылар - балалар.</p> <p>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады.</p> <p>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық</p> <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> <p>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.</p> <p>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын</p> |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | | <p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде, "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды.</p> <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.</p> <p>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді.</p> <p>"Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p> <p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.</p> | <p>кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар: "Тастар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті, қимыл-қозғалысты дамыту.</p> | <p>балаларда топтық сезімді дамыту, белгі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындау біліктілігін дамыту, жылдам бір және екі қатарға тұруға жаттықтыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту.</p> <p>"Кім алыс секіреді?" жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді үйрету.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, дымқыл құммен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> |
|--|--|---|---|---|---|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | | Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | | | |
| Серуеннен оралу | Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу. | | | | |
| Түскі ас | <p align="center">Гигиеналық дағдылар</p> <p align="center">Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу.</p> <p align="center">Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа.</p> <p align="center">(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | <p align="center">Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу.</p> <p align="center">Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p> <p align="center">"Мөлдір су" ойын жаттығуы.</p> <p align="center">(дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p align="center">"Логикалық емес байланыстар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>Барысы: Баланың алдында әртүрлі заттар бейнелеген карточкалар жатады.</p> <p>Балалармен бірге суретке байланысты сөз табуға байқап көру. Әр ассоциация үшін қажет суретті табу. Бала қиялына ерік беру, шектеу</p> | <p align="center">"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады). Бірінші кезеңде ойын</p> | <p align="center">«Бақшаға не егеді?» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: заттарды ортақ белгілері бойынша (өсуі, қолданылуы) топтастыруды үйрету; ой ұшқырлығын, есту зейінділігін дамыту.</p> <p align="center">(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p align="center">Сюжетті-рөлдік ойын</p> | <p align="center">"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді</p> | <p align="center">"Бір сөзбен ата" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: біліктілігін жетілдіру ұсынылған үлгілерге жалпылама сөздерді таңдау, жалпылама сөздерді бекіту: көгөністер, жемістер, жидектер, гүлдер.</p> <p align="center">(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p align="center">Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны"</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | <p>қоймау. Нәтижесінде кішігірім оқиға шығу керек.</p> <p>(танымдық дағдылар)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: тәрбиеші алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.</p> <p>Тәрбиеші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды.</p> <p>Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу</p> | <p>шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.</p> <p>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!" - деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы, "от" - өздігінен айналу, "су" - балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік, "жер" - жануардың, жәндік аты.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Кітапхана"</p> <p>Мақсат-міндеттер: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.</p> | <p>"Медициналық емхана"</p> <p>Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады.</p> <p>Тәрбиешіге назарын</p> | <p>қарастыруға уақыт береді.</p> <p>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.</p> <p>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.</p> <p>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру,</p> | <p>Мақсат-міндеттер: шаштаразшы мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету.</p> <p>Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді, шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады.</p> <p>Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады.</p> <p>Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған</p> |
|--|--|--|---|--|---|

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|--|--|---|--|
| | <p>тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p> <p>Тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Ойын-әңгіме: "Аудармашы". Мақсат-міндеттер: орыс тіліндегі сөздерді бекіту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала". Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. (дене шынықтыру)</p> | <p>Жағдаятты шешу: "Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту. (танымдық дағдылар)</p> | <p>"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (танымдық дағдылар)</p> | <p>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым,</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---------------------------------------|--|
| | | | | | бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Баланы еңбекке баулу". | Ата-аналармен ішек инфекцияларын алдын алу жайлы әңгімелесу. | Медбике кеңесі: "Иммунитетті қалай көтеруге болады?" | Кеңес: "Балалардың зейіндерін дамыту" | "Сіздің баланың қандай ойындар ойнайды?" тақырыбына әңгімелесу. |

Әдіскер:  С.Н.Байболова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | <i>Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлия» бөбекжай-балабақшасы</i> | | | | |
| Топ/сынып | Ересек топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | Алтын кілт | | | | |
| Балалардың жасы | 4 жастағы балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Мырзабаева А, Байтемирова Ж | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 24.07. - 28.07.2023ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | "Ойыншықтарды орындарына жинау". Мақсат-міндеттер: өз бетінше топтағы тазалықты сақтау біліктіліктерін бекіту (құрылыс материалдары мен | "Тәрбиешінің көмекшісіне көмектесеміз". Мақсат-міндеттер: тамақтан кейін үстел үстіндегі ыдысты жинауға үйрету, балаларды ересектерге | "Гүлдер үшін тазалық". Мақсат-міндеттер: сумен жұмыс істеу барысында балаларды гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді тұру, | "Тәрбиешінің көмекшісіне төсек-орын жабындыларын ауыстыруға көмектесу". Мақсат-міндеттер: төсек жабындыларын | "Табиғат бұрышындағы кезекшілік". Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне өз бетінше күтім жасау біліктіліктерін жетілдіру: суғару, жерді |

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|---|
| <p>кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>ойыншықтарды жинау). Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игіліктері үшін еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>қолғабыс етуге үйрету. Еңбексүйгіштікті, ересектерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>шүберекті сулау, қатты сығу, қажет жағдайда шаю. Еңбек біліктіліктері мен дағдыларын, сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережесін, жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. (еңбек дағдылары)</p> | <p>қолданысына қарай бөлуге үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне көмектесу ниетін және басқалардың еңбегіне құрметпеу қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>қопсыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелері мен жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету. (еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>"Үшінші артық" (өсімдіктер) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің түрлілігі жайлы білімдерін бекіту; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Иллюстрацияларды қарастыру, жәндіктер мен өсімдіктер туралы қызықты мәліметтер. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар</p> | <p>"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау мәтінің құрастыруды үйрету, зейіндерін, байланыстыра сөйлеулерін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ,</p> | <p>"Гүлдер алаңқайы" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттың сұлулығын сезінуге көмектесу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын!</p> | <p>"Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты.</p> | <p>"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. (дене шынықтыру)</p> <p>"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| | <p>бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса!</p> <p>Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті!</p> <p>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Өсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (көркем әдебиет)</p> | <p>(Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа</p> | <p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар)</p> <p>"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету) Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету) Сол қолым, сен не</p> | <p>бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (танымдық дағдылар)</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (көркем әдебиет)</p> |
|--|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|----------------------------------|---|--|---|--|--|
| | | | <p>байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> | <p>қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету) Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету) Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету) Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату) Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму) Сәлем деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау) Қолдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету) Жеңімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету) Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету, шапалақтау) Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>Дененің барлық дене мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту. Кешенді жаттығу . Жаттығуды бастайық, Бұл әдеттен қашпайық.</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
| | <p>Ашайық тез ұйқыны, Жақсы өтсін бұл күнім! (дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: майлықты ұқыпты қолдану, нанды үгітпеу. <i>Көркем сөз</i> Майлықты қолдансаң әрдайым, Сөйлеме үстелде - бұл тыйым. Ұқыптылық танытса, әр бала, Көз тоймайды соған қараса. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Әдепті өтініш" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу. Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.</p> | <p>Әңгімелесу: "Қауіпті жәндіктер". Мақсат-міндеттер: балалардың қауіпті жәндіктер жайлы түсініктерін кеңейту, оларды сыртқы кейіпі, өзіндік ерекшеліктерді арқылы ажыратуды үйрету.</p> | <p>Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру</p> | <p>"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру. Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді. Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек. Педагог гүлдерді атауға да шақырады.</p> | <p>Әңгімелесу: "Түрлі-түсті көңіл-күй". Мақсат-міндеттер: балаларды өз іс-әрекеттеріне, назар аудару, жанашырлық танытуға, басқаларға деген жағымды қарым-қатынас орнату біліктіліктерін қалыптастыру.</p> |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жазғы гүлдер" Мақсат-міндеттер: Балаларға жаз құбылыстары, табиғаттағы ерекшеліктері, жазғы гүлдер туралы түсіндіру.</p> | <p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Емдік гүл" Мақсат-міндеттер: Балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету; балаларда</p> | <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мақал-мәтелдер" мазмұны бойынша әңгімелеу Мақсат-міндеттер: Балаларды мақал-мәтелдер туралы түсінік</p> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығу «Гүлденген жаз» Мақсат-міндеттер: Балалардың жазғы гүлдер жайлы түсініктерін нақтылау, табиғатқа деген қызығушылықтарын,</p> | <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Жабайы және бақша гүлдерінің әлемі» Мақсат-міндеттер: Балаларды жабайы және бақша гүлдерімен таныстыру;</p> |

| | | | | | |
|---------------------------------|---|---|---|--|--|
| | | <p>"жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, балаларда тізені жоғары көтеріп жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; қимылды ойын арқылы біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіру іскерліктерін жетілдіру.</p> | <p>беру. Балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру; оларды бір-бірінен ажырата білуге, мәнін терең түсініп, мағынасын аша білуге үйрету; тіл байлықтарын дамыту, шығармашылық елестету қасиетін дамыту; өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін оятып, кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> | <p>сұлулығын көру біліктіліктерін ояту, "түрту" техникасымен таныстыруды жалғастыру; ұсақ қол моторикасын, көзбен мөлшерлеуді дамыту, зейіндерін тұрақтандыру; айналасындағыларға деген достық қарым-қатынасқа, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу; дәстүрден тыс сурет салу тәсілдеріне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Көңілді арбакеш әні" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.</p> | <p>өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту.</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.</p> | | | | |

| | | | | | |
|---------------|--|---|---|--|---|
| <p>Серуен</p> | <p>Жазғы гүлдерді бақылау (барқыт гүлі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың барқыт гүлі жайындағы түсініктерін тиянақтау; барқыттың өзге гүлдерден айырмашылығын өздігінен көріп, айтуға бейімдеу; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Балаларға барқыт гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалар гүлдің түсін (сары, қызыл-сары), ортасы сарғыш, күлтешесі қалың қызыл-сары, пішіні шар тәрізді екендігін байқайды. Жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып (қараңғы жасыл түсті, сабағы жуан), ұстап-сипайды. Балалар барқыт гүлінің иіс хош екендігін айтады. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек. Еңбек әрекеті: гүлзарды қалыпқа келтіру. Мақсат-міндеттер: бірігіп еңбектенуге үйрету. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды</p> | <p>Жазғы гүлдерді бақылау (бақбақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: емдік өсімдік-бақбақпен таныстыруды жалғастыру, табиғатты аялау және қорғау біліктіліктерін мен ниеттерін қалыптастыру. Көркем сөз. Гүлге айналып құлшырып, Түрлі-түсті бояулар. Киіп сары көйлегін, Бақбақ гүлі оянар. Қалықтайды ұлпасы, Ақ періште сияқты. Нәзік желмен ұшып жүр, Таңғажайып гүл басы. Д. Бұланбаева Бақбақты емді өсімдіктерге жатқызатынын түсіндіру. Бақбақтың гүлдеген және солған қалыптарында ерекше әсем көрінетінін байқату. Балаларға бақбақты үрлету; мамыққа жабысқан ұрық арқылы таралатынын көрсету. Еңбек әрекеті: гүлдердің топырағын қопсыту. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, достық өзара</p> | <p>Жазғы гүлдерді бақылау (петунья). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту; петунья гүлінің құрамы неден тұратынын түсіндіріп, гүлдерді суарып, баптау қажеттілігі туралы айтып, қамқорлыққа баулу. Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; көбею. Гүлдердің түсі ақ, қызыл, қызғылт, күлгін болады; төнертең гүл күлтесінің ашылып, кешке жабылатындығын айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса, сонша жинау. Нәзік гүлдер петунья, Түсі күлгін, көк сия. Күлшесі күндіз ашылып, Кешке таман жабылып, Гүлзарды жаулап алады, Жаз бойы көз тартады. Еңбек әрекеті: кеуіп қалған петуньяның</p> | <p>Жазғы гүлдерді бақылау (календула). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың календула гүлі жайындағы білімдерін тиянақтау; календула гүлінің өзге гүлдерден айырмашылығын айта білу қабілетін жетілдіру; гүлдерді күтуге, аялауға тәрбиелеу. Балаларға календула гүлдерін қарастыруды ұсыну. Балалар гүлдердің түсін, жапырақтары мен сабағының ерекшеліктерін айтып, байқап ұстап-сипайды. Балалар календула гүлдерінің пішіні қарапайым, күлтешесі сары түсті болуына, иісі хош екендігін айтады. Гүлдердің кеуіп, солып жатса, ұрық беретінін, ұрықтың сырғаға ұқсайтынын байқап айтады. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.</p> | <p>Жел мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсаты: жаздың ашық аспан сұлулықты көру біліктіліктерін бекіту; шығармашылық қиялдарын дамыту. Болжамдар: бұлттар жылдам қозғалса – ауа-райы ашық болады. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!</p> |
|---------------|--|---|---|--|---|

| | | | | |
|--|--|---|---|---|
| <p>ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, кимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p> <p>Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан</p> | <p>көмек жасасуға бейімдеу. Жабдықтары: күрекшелер, тырнауықтар, қолғаптар.</p> <p>"Торғайлар мен мысық" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойнауды үйрету, ережелерді сақтау; ептілікті, жылдамдықты, зейінділікті дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, құрдастарымен өзара қарым-қатынасқа түсу біліктіліктерін қалыптастыру.</p> <p>"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанжы жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.</p> <p>Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын</p> | <p>тұқымдарын пакеттерге жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Аллергиясы бар сезгіш балалардың қатысу-қатыспауын ескеру керек.</p> <p>"Ормандағы аюда" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, кимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың</p> | <p>Еңбек әрекеті: календула ұрықтарын жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Құралдары: қағаз пакеттері.</p> <p>"Үшінші артық" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, кимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі</p> | <p>Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы орындықтарды тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеу, айналасын таза ұстауға үйрету.</p> <p>"Орамал" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> |
|--|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.</p> <p>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.</p> <p>Еңбек әрекеті: гүлзарды қураған жапырақтардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауға үйрету.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> <p>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту: "Денені түзу ұста".</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-</p> | <p>құрастырады. Затар жиынын жекеше немес шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.</p> <p>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, алаңды бағдарлай білу, заттарды сипаттамасы бойынша табу біліктіліктерін дамыту.</p> | <p>Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық</p> <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> <p>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.</p> <p>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады.</p> <p>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p>"Жүзік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың үлкен және кішкентай шеңбер құрып тұру біліктіліктерін бекіту, мәтін мен қимыл-қозғалысты сәйкестендіру.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Нысанаға тигіз".</p> <p>Мақсат-міндеттер: көзбен</p> | <p>қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады.</p> <p>Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.</p> <p>"Кім нысанаға дөп тигізеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: дербестікті, тапқырлықты, батылдықты дамыту.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орнынан биікке секіру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: күш пен жылдамдықты біріктіру.</p> | <p>"Тез орында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимылды белгі бойынша бастауды үйрету, қарқын бәсеңдеген сайын, қол қимылдары мен адымдарды жиілету.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, еңкейіп жүру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты тәрбиешінің тапсырмасы бойынша орындау қабілетін дамыту.</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | теңдікті дамыту. | | мөлшерлеуді дамыту. | | |
| Серуеннен оралу | Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу. | | | | |
| Түскі ас | <p align="center">Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: майлықты ұқыпты қолдану, нанды үгітпеу. <i>Көркем сөз</i> Майлықты қолдансаң әрдайым, Сөйлеме үстелде - бұл тыйым. Ұқыптылық танытса, әр бала, Көз тоймайды соған қараса. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқыларынан оянып, төсекте жатып жасайтын жаттығу; балалар жатқан қалыпта, төсектен тұрмай, көрпе астында аз мөлшерде орындайды. Жалпы дамытушылық жаттығу; (төсекте 2-3 минут) балалардың ұйқыдан, ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған жаттығу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында уқалау жолдарымен жүру. (дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аяқ киім әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттер: топтастыра білу қабілетін дамыту; заттарды | "Кітап детективі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: әріптерді нақты суреттермен сәйкестендіруді үйрету; ой ұшқырлығын дамыту. Барысы: әріпті жұмбақтап, балаға тапсырма беру - кітаптан сол әріпке сурет табу. Егер бірнеше бала ойнаса, жарыс элементтерін енгізу: кім қажет суреттер санын көп тапса, сол таңдайды. (сөйлеуді дамыту) | "Кім қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттардың кеңістікте орналасуын ажыратуды үйрету (алдында, артында, арасында, ортасында, оң жақта, сол жақта, астыда, үстінде), талқылау біліктіліктерін бекіту. Барысы: ойыншықтарды бөлменің әртүрлі жеріне орналастыру. Балалардан сұрау, қандай ойыншық алдыда тұр, артында, жанында, алыста и т.б.. | "Достарыңды ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: ертегілердің басты кейіпкерлері мен мазмұны жайлы білімдерін бекіту; байқампаздықты, зейінді дамыту. Барысы. Балалар жүргізушіні таңдайды, ол ертегі кейіпкерлері бейнеленген лотоны алады, балалар карточкаларды топқа біріктіреді дедостары-ертегі кейіпкерлерін атайды: | «Қандай құс екенін тап?» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құстарды өзіне тән ерекшеліктері бойынша сипаттауға үйрету; есте сақтауды дамыту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Барысы. Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары құстарды сипаттайды, ал екіншілері-қандай құс екенін табу керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Кейін өз сұрақтарын басқа топ қояды. (қоршаған ортамен |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>салыстыра білу біліктіліктерін жаттықтыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша ерекшеліктерін табу; балтыры, өкшесі, басы, табаны, тілі, ұлтарағы, бауы, қорғау, жалаңаяқ сөздері арқылы сөздіктерін байыту; байланыстыра сөйлеуді, танымдық қызығушылықтарын дамыту, өз ойын дәлелдей алуға ықпал ету; киім-кешектеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Барысы: Балалар тәрбиешімен бірге таныс аяқ киім шеберіне барады. Шебер шығып, балаларға аяқ киім түрлерін көрсетеді, балалар аяқ киімдерді атайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны" Мақсат-міндеттер: шаштаразшы мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету. Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді, шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады. Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады.</p> | <p>Сұрау, жоғарғы жағында не бар, төменде, оң жақта, сол жақта және т. б. Тәрбиеші ойлану үшін нақтылау сұрақтарын қоюы мүмкін. "Ал егер затты, ойыншықты ауыстырса? Ал сендер қалай ойлайсыңдар?".</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат". Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Барысы: Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа</p> | <p>Буратино, Мальвина, Пьеро; Чебурашка, Гена және т.б, ертегінің қысқаша мазмұны.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды</p> | <p>таныстыру,)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет". Мақсат-міндеттер: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|-------------------------------------|--|---|--|---|--|
| | | <p>Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | <p>көрсетуді ұсынуға болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> | |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?". Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>Ойын жаттығуы: "Иә - жоқ". Мақсат-міндеттер: балалардың экологиялық санасын дамыту, табиғат аясында өзін-өзі ұстау мінез-құлқын бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Ойын жаттығуы: "Неден жасалынған?". Мақсат-міндеттер: әртүрлі материал түрлері жайлы білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап". Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию". "Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | | | | | артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (жапсыру) |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| Серуен | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Кеңес: "Жол жүру ережесінің маңызы". | Ата-аналарға арналған: "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында кеңес. | Әңгімелесу: "Менің балам нені армандайды?" | Сауалнама: "Балаңыздың сұрақтарына қаншалықты төзімділікпен жауап бересіз?" | Кеңес: "Баланың қимыл әрекетінде, қимыл-қозғалыс ойындарының рөлі " |

Әдіскер:  С.Н.Байболова